



**Қазақстан Республикасының Ғылым және
жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
ЭКОНОМИКА ИНСТИТУТЫ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты сізді **2026 жылғы 13 қарашада** Алматы қаласында өтетін «**Экономика ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері**» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты – экономикадағы заманауи үрдістер мен қиындықтарды талқылау, ғылыми зерттеулер нәтижелері мен практикалық тәжірибемен алмасу, сондай-ақ ғылыми жетістіктерді нақты экономикалық қызметте қолдануға қатысты ұсынымдар әзірлеу мақсатында ғалымдар, мамандар және іскер топтар өкілдерінің күш-жігерін шоғырландыру үшін халықаралық алаң қамтамасыз ету.

Конференция ғылым мен практика тоғысында тұрақты даму жолдарын іздеу және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін зерттеушілер мен бизнесті біріктіреді.

Конференцияның тақырыптық бағыттары:

1. Экономика ғылымының заманауи теориялары мен әдіснамасы
2. Макроэкономикалық саясат және тұрақты даму
3. Қаржы нарықтары, банк жүйесі және инвестициялық қызмет
4. Инновациялар, жасанды интеллект және білім экономикасы
5. Халықаралық сауда, интеграциялық процестер және жаһандану
6. Аймақтық даму және кеңістіктік экономика
7. Бизнесті басқару, кәсіпкерлік және корпоративтік стратегиялар
8. Еңбек экономикасы, әлеуметтік саясат және адами капитал
9. Экологиялық экономика және «жасыл» технологиялар
10. Мемлекеттік реттеу, экономикалық қауіпсіздік және дағдарысқа қарсы басқару

Форматы: Конференция жұмысы гибриді форматта жүргізілетін болады: онлайн (Zoom платформасы) және офлайн. ZOOM-ға қосылу сілтемесі қатысушыларға кейінірек жіберіледі.

Өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28, Кіші зал.

Басталуы: Жергілікті уақытпен 10.00, қатысушыларды тіркеу 09.30-дан басталады.

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Жол жүру және тұруға байланысты шығыстар қатысушылар мен олардың ұйымдары есебінен төленеді.

Конференция еңбектерінің электрондық жинағын жариялау жоспарлануда.

Қосымша: байланыс деректері, мақалаларға қойылатын талаптар және мақаланы рәсімдеу үлгісі, өтінім нысаны.

**Бас директор,
э.ғ.д., профессор**

Е.Т. Садықов

1-ҚОСЫМША

Мақалалар мен өтінімдерді конференция Ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына 2026 жылғы 1 қарашаға дейін жіберу қажет.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференция ұйымдастырушыларының байланыс деректері:

Электрондық пошта: conference.ieconom@gmail.com

Ұялы телефон, WhatsApp:

Шапагат Шерхан +7 707 419 2963, sher khan.shapagat@ieconom.kz, shapagat759@gmail.com

Қатысудың қаржылық шарттары: Қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы – 3000 теңге.

Төлем: Налық қосымшасы арқылы жеке және заңды тұлғалар үшін «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты» Республикалық мемлекеттік шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорнының шотына аудару.

«АУДАРЫМДАР» бөліміндегі алушының деректері:

Шот KZ69 6010 1310 0000 9277

БСН 9903 4000 1449

Кбе 16

Төлем мақсатының коды 859

Төлем мақсаты: «Тегі Аты, ұйымдастыру жарнасы»

МАТЕРИАЛДАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жариялауға түпнұсқа авторлық мақала қабылданады.

Мәтін параметрлері: Мақала мәтіні аннотация мен әдебиеттер тізімін қоса алғанда шамамен 2000 таңба (6 бет). А4 парақ форматы, барлық жақтан 2 см, абзац шегінісі 1 см, тақырыптар, негізгі мәтін, кестелер мен суреттердің шрифті Times New Roman 12 кегль, бір жоларалық интервал, негізгі мәтін беттің еніне тураланады.

Мақаланың құрылымы:

Аннотация; Түйін сөздер; Кіріспе; Әдіснама; Нәтижелер; Қорытынды.

Аннотация және түйін сөздер ағылшын тілінде (қазақ және орыс тіліндегі мақалалар үшін).

Әдебиеттер тізімі (беттік және соңғы сілтемелердің автоматты нөмірлеуін пайдаланбау).

Баяндама атауы бас әріптермен (қаріп қалың, 12 пт, ортаға туралау).

Бір жол өткізіп кіші әріптермен – авторлардың тегі мен инициалдары, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (12 пт, ортаға туралау).

Келесі жолда (курсивпен) – ұйым атауы, қала, ел (12 пт, ортаға туралау).

Бір жол өткізіп – аннотация (5 жолдан аспайды).

Келесі жолда – түйін сөздер (5 сөз және сөз тіркесінен аспау керек).

Бір жол өткізіп – мақала мәтіні.

Мақала файлының атауы үлгіге сәйкес көрсетілуі тиіс: «**2026 Конференция ИЭ Ахметов**».

Мақалалар авторлық редакцияда жарияланады. Мақала мазмұны үшін жауапкершілік авторға жүктеледі.

Ұйымдастыру комитеті талаптарға және плагиатқа тексеру нәтижелеріне сәйкес келмейтін мақалаларды қабылдамау құқығын өзінде қалдырады.

МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ

аты-жөні, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы,
Ұйымның атауы
Қала, Ел

Аннотация. Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін

Түйін сөздер: сөз, сөз, сөз, сөз, сөз

Кіріспе. Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін.

Әдіснама. Мәтін, мәтін, ...мәтін, мәтін.

Нәтижелер. Мәтін, мәтін. Дереккөздерге сілтемелер [1] ескертулер бойынша.



Ескерту – Дереккөз [2]

Сурет 1 – Атауы (ортасында)

Кесте 1 – Кестенің атауы (сол жақ шетінде)

Ескерту – Деректер бойынша құрастырылды [3]		

Қорытынды. Мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін, мәтін.

Қаржыландыру көзі (қажет болса).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бримбетова Н.Ж. Модернизация территориального развития Казахстана: методология и приоритеты. – Алматы: ИЭ КН МОН РК, 2011. – 229 с.

2. ЖІӨ-дегі аймақтардың үлесі - URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/dynamic-tables/> (жүктеп алу күні 23.08.2024)

3. Achten S. Spatial inequality, geography and economic activity. // World Development. – 2020. - №136. – P.105-114. <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2020.105114>.

Өтінім

«Экономика ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері»

Экономика институты, Алматы қ., 2026 ж.

Тегі, аты, әкесінің аты	
Лауазымы	
Ғылыми атағы, дәрежесі	
Жұмыс (оқу) орны	
Электрондық мекенжайы (оған электрондық жинақ жіберіледі)	
Мақаланың атауы	
Байланыс телефоны	
Қатысу нысаны – офлайн/онлайн /сырттай	
Электронды жинақ (керек/керек емес)	
Сертификат (керек /керек емес)	